# Мәдениет саласының үздігі

**Арқалық қазақ жасөспірімдер театрының қоюшы режиссеры Ә. Садықова Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төс белгісімен марапатталды.**



Әлия Елубайқызы 1972 жылы Қостанай облысы, Аманкелді ауданының Қарасу ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын Амантоғай аудандық мәдениет үйінің ұйымдастырушысы болып бастаған жас маман ширек ғасырдан астам уақыт бойы мәдениет пен өнер саласында қызмет жасап келеді.

Білікті маман Ақан сері атындағы Көкшетау мәдениет колледжінің «Театр режиссеры» мамандығы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Режиссура» мамандығын бітірген.

Жоғары санатты актриса, кәсіби режиссер Әлия Садықова театр сахнасында көптеген басты рөлдерді сомдап, отызға жуық қойылымдарды жарыққа шығарды. Арқалық қаласының «Жыл адамы - 2002» құрметті атағының иегері.

2004 жылы Қостанай қаласында өткен XIV - ші республикалық театр фестивалінде («Мұңлық - Зарлық» спектаклі) «Театр дебюті», 2017 жылы Жезқазған қаласында Ж.Хаджиевке арналған I Аймақтық театрлар фестивалінде (Б. Есеналиев. «Қанды ауыз» драма) «Үкілі үміт» аталымы бойынша лауреат атанды.

Марапат иесі бүгінде жолдасы, аталмыш театрдың әртісі, республикалық театр фестивалінің лауреаты Орынбасар Қойбағаров екеуі үш бала тәрбиелеп отыр.

**«Торғай - ақпарат»**